

6B01901 АРНАЙЫ ПЕДАГОГИКА

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінде түзету-педагогикалық, тәрбиелік, дамытушылық, консультативтік, диагностикалық және талдау қызметін жүзеге асыру үшін ғылыми-педагогикалық, өндірістік-технологиялық мәселелерді шешуге қабілетті, тәжірибелік дағдылары мен көшбасшылық қасиеттері бар педагогтарды даярлау

УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білетін тұлға

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Білім беру бағдарламасының өзектілігі. Отандық білім беру жүйесінде қазіргі жағдайда, әрбір білім беру ұйымында және кез келген жаста дерлік ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар (бұдан әрі - ЕББҚ бар балалар) оқиды. Оларға мемлекет, отбасы, педагогтар тарапынан ерекше қолдау қажет, бұл олардың қоғамға толық енуін қамтамасыз ететін, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын ерекше меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік бейімделу дағдыларын меңгеруге, өзінің жеке өмірлік құзіреттілік жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда дамуында ЕББҚ бар баланың жеке және тұлғалық ерекшеліктері көре алатын, оларды дер кезінде анықтауға дайын, көмек көрсетудің әртүрлі нысандары мен түрлерін ескере отырып, ұйымдастыруға қабілетті құзыретті маман тарапынан педагогикалық қолдаудың басымдығы сөзсіз. Бұл ЕББҚ бар балалармен жұмыс жасайтын арнайы педагогтарды даярлаудың әлеуметтік тапсырысы. 6B01901 – Арнайы педагогика білім беру бағдарламасы білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау жүйесін арнайы және инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғаларға түзету-педагогикалық көмек көрсетуге қабілетті кәсіби ұтқыр

кадрлармен қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға адамгершілік қатынас жасау идеяларын беру сұранысында негізделген.

Нарық қажеттілігі. Статистикалық талдау Ұлттық білім академиясының ресми сайты негізінде жүргізілді. Ы.Алтынсарин <https://nao.kz/blogs/view/2/700>, Түзету педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы <http://special-edu.kz/>.

2000 жылдан бастап Қазақстан Республикасында жаңа ерекше білім берудегі қажеттіліктері бар балаларға арналған білім беру саясатындағы нұсқаулар, білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, мұндай балаларды әлеуметтендіру, тәрбиелеу, оқыту, әлеуметтік қолдау және бейімдеудің оңтайлы жолдарын белсенді іздеу жүргізілуде. 2015-2016 оқу жылында Қазақстанда 3210-нан астам мектепте ЕББҚ бар балаларды инклюзивті оқыту үшін жағдай жасалған.

2022 жылдың басында Қазақстан Республикасындағы облыстық және қалалық ПМПК-мен 175 082 бала анықталып, есепке алынды. Бүгінгі таңда елімізде 3210 мектепте балалардың инклюзивті білім алуына жағдай жасалған. Қазақстан Республикасында арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының мәліметтері бойынша: 453 арнайы білім беру ұйымдары, оның ішінде: 99 арнаулы мектеп, 43 арнайы балабақша, 17 оңалту орталығы (ОҚ), 210 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері (ППТК), 880 логопедиялық орталықтар (ЛП). Барлығында 5811 арнайы педагог жұмыс істейді. Қазақстан Республикасында балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ерекше жағдайлар жасалған: 1229 арнайы сыныптар, 4426-дан астам жалпы білім беретін мектептер және 200 балабақшалар – бұл инклюзивті білім беру ұйымдары. Қазіргі уақытта арнайы және инклюзивті білім беру ұйымдарында 7200-ден астам арнайы педагог жұмыс істейді, оның ішінде үлес бойынша: арнайы балабақшаларда – 7,4%; жалпы балабақшаларда (арнайы топтар) – 2,3%; арнаулы мектептерде – 69,8%; арнайы сыныптарда, инклюзивті білім беретін сыныптарда – 2%; ПМПК бойынша -5,7%; ППТК бойынша – 9,6%; РҚ – 3,2%. Арнайы және жалпы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін мұғалімдердің (7200-ден астамы) 32% жоғары арнаулы, 56% жоғары педагогикалық білімді, 10% орта педагогикалық білімді. Еліміздегі білім беру ұйымдарының кадрлық қамтамасыз етілуіне жүргізілген талдау бүгінгі күні ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға ерте жастағы психо-физикалық дамуда түзету-педагогикалық қолдау көрсету үшін педагогтар мен мамандардың тапшылығын көрсетті: мектепте арнайы педагогтардың қажеттілігі: бұл аумақ шамамен 60% құрайды. ЕББҚ бар балалар санының ең жылдам түрлері бойынша өсімі «Аутизм спектрі бұзылған балалар (АСБ)» санатында байқалады – өткен жылы өсу динамикасы көрсеткіші: 29,9% (6771-ден 8796-ға дейін).

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Траекториялар	01.Олигофренопедагог. Зият бұзылысы бар балаларға арналған мекемеде тәрбиеші. Зият бұзылысы бар балаларға арналған мекемеде мұғалім-логопед; 02. Сөйлеу тілінде ауыр бұзылыстары бар бастауыш сынып оқушыларына мұғалім, мұғалім-логопед, мектеп жасына дейінгі мекемелерде логопед; 03. Арнайы- психолог, мұғалім –логопед, мектеп жасына дейінгі мекемелерде логопед
Академиялық ұтқырлық	1. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті (Шымкент); 2. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе)

БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

6B01901 Арнайы педагогика білім беру бағдарламасының түлегі мемлекеттік құрылымдарға, жалпы білім беретін жеке, білім беретін арнайы мектепке дейінгі және мектеп ұйымдарына, оңалту орталықтарына, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттеріне, ПМПК, ерте араласу кабинеттеріне, әлеуметтік бағыттағы мекемелерге (әлеуметтік қамсыздандыру, жұмыссыздарды, аз қамтылған, еңбекке жарамсыз, еңбекке қабілетті жұмыссыздарды қолдау және көмек көрсету органдары), қоғамдық ортада өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу және дамыту пәнблемаларымен байланысты мекемелерге, денсаулық сақтау мекемелеріне, ғылыми-зерттеу ұйымдарына, балалардың дамыту орталықтарына логопед, логопед-мұғалім, дефектолог, дефектолог-мұғалім, тәрбиеші, арнайы психолог, педагог –ассистент (тьютор) ретінде жұмысқа орналаса алады.

КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

6B01901 – Арнайы педагогика білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

1 кәсіби құзыреттілік саласы

"Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, психофизикалық дамуының диагностикасы және командалық бағалауды ұйымдастыру". *Арнайы педагог келесі біліктер мен дағдыларды меңгеруі керек:* баланың даму тарихын нақтылау үшін медициналық және әлеуметтік-психологиялық анамнез мәліметтерін жинауды жүзеге асыру, сенсорлық, моторлық, ақыл-ой және сөйлеу дамуының, сондай-ақ бала жасына тән іс-әрекеттердің (заттық, ойын, мектеп) деңгейі мен ерекшеліктерін анықтау, баланың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін бағалау, онымен жұмыс істеудің сәйкес стратегиясын, әртүрлі тактикасын, әдістерін таңдау, бала дамуының күшті және осал тұстарын анықтау үшін ата-аналармен өзара әрекеттесу, баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін диагностикалау және бағалау кезінде пәнаралық командалық тәсілді ұйымдастыру, балалардың психоәлеуметтік даму проблемаларын бағалау үшін Тіршілік әрекеті мен денсаулықтың қызмет етуінің, шектелуінің халықаралық жіктемесін пайдалану, зерттеу нәтижелерін қорытындылау, психологиялық-педагогикалық қорытынды жасау, пәнаралық командалық бағалау және отбасына көмек көрсету бағдарламасы негізінде жеке-дамытушы бағдарламаны жоспарлау және құру, сондай-ақ қауіпсіз арнайы заттық-дамытушы орта жасау; ата-анасының немесе отбасының басқа мүшелерінің қатысуымен баламен таныстыру-диагностикалық сабақтар өткізу; баланы тексеру және сабақтар өткізу үшін жағдай жасау; диагностикалық құралдарды, түзету-дамытушы ойыншықтар мен дидактикалық материалдарды іріктеу және оларды пайдалану; ата-аналармен ынтымақтасу; оқу-тәрбие және түзету-дамыту процесіне қатысатын ұйым мамандарымен өзара қарым-қатынаста болу (педагог, тәрбиеші, дене шынықтыру инструкторы, музыка жетекшісі, психолог, арнайы педагог, медицина қызметкері).

2 кәсіби құзыреттілік саласы

"Жеке оқу, жеке-дамытушылық, түзету-дамытушылық бағдарламаларды құрастыру және іске асыру және жеке, кіші топтық/топтық сабақтарды өткізу" *Арнайы педагог келесі біліктер мен дағдыларды меңгеруі керек:* пәнаралық командалық бағалау мамандарының нәтижелері мен ұсынымдары негізінде мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеу бағдарламаларын құрастыру, пәнаралық негіздегі мамандардың қатысуымен отбасыларға көмек көрсету бағдарламаларын әзірлеу, баланың заңды өкілдерімен (ата-аналар, қамқоршылар) өзара әрекеттесу, оқытудағы дараланған тәсілді жүзеге асыру, заманауи психологиялық-педагогикалық технологияларды, көмек көрсетудің ғылыми негізделген бағдарламаларын даярлау және қолдану; мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасауда мамандардың (психолог, логопед, дефектолог және басқа әріптестердің) ұсынымдарына сүйену, ерекше білім беру қажеттіліктерін тексеру және бағалау нәтижелері негізінде

баланы тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша жеке және топтық кеңес беру; компьютерлік сауаттылықты меңгеру; баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру; оқыту және тәрбиелеу мақсаттарына сәйкес оқыту/тәрбиелеу технологияларын, бағдарламаларын және бағалау стратегияларын іріктеу; әрсабақтық жоспарлауды құрастыру; қауіпсіз арнайы пәндік-дамыту ортасын құру және оны тиімді пайдалану; баланың оқыту мен тәрбиелеудің жоғары нәтижелеріне ұмтылуына ықпал ету және осыған қолдау көрсету; әріптестердің, балалардың және ата-аналардың/заңды өкілдердің кері байланысын ескеру; баланы қызықтыру үшін оқу, түзету-дамыту процесінде ақпараттық технологияларды пайдалану дағдыларын көрсету; объективті өзгерістерге қарамастан сабақтың мақсатына жету.

3 кәсіби құзыреттілік саласы

"Мамандарды және мүмкіндігі шектеулі балалардың мен ата-аналарына кеңес беру». *Арнайы педагог келесі біліктер мен дағдыларды меңгеруі керек:* ақпаратпен, желілік ресурстармен, ақпараттық жүйелермен және бағдарламалармен жұмыс істеудің заманауи технологияларын меңгеру; баланы дамыту мақсатында әріптестер мен ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімді қолдану мен пайдалануға деген тұрақты қажеттілігін қалыптастыру; кәсіби қызметтің мақсаттарын өз бетінше айқындау; ұжымда, ата-аналармен игілікті қарым-қатынас орнату; мүмкіндігі шектеулі балалармен түзету-дамыту жұмыстарының технологияларын, бағдарламаларын зерделеу, талдау, жүйелеу; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен психологиялық-педагогикалық жұмыстың қазіргі заманғы технологияларын зерттеу, қорыту және рецензиялау; мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің түзету-дамыту бағдарламаларын, әдістемелерін әзірлеу; мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың қазіргі заманғы әдістемелерін қолданудың шығармашылық ізденісін жүзеге асыру; компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті меңгеру; көпшілік алдында сөйлеу және аудиториямен өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту.

4 кәсіби құзыреттілік саласы

"Біліктілікті арттыру және/немесе қайта даярлау" мынадай кәсіптік міндеттерді шешуді көздейді: білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілер; тәлімгерлерге қойылатын талаптар; ынтымақтастық педагогикасының негіздері бойынша білімді меңгеру. Осы міндеттерді тиімді шешу үшін арнайы педагог келесі біліктер мен дағдыларды меңгеруі тиіс: мүмкіндігі шектеулі балалармен түзету-дамыту жұмысының технологияларын, бағдарламаларын зерделеу, талдау, жүйелеу; өзінің және әріптестерінің тәжірибесін жинақтау; компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті меңгеру; сабақты зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын пайдалану; тәлімгерлікті қолдану және жүзеге асыру; кәсіби қауымдастық желісін дамытуды жоспарлау; педагогикалық қауымдастықтағы даму стратегияларын айқындау; компьютерлік сауаттылықты меңгеру.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН 1: - Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

ОН 2: - Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

ОН 3: Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

ОН 4: - Ой-өрісі кең және ойлау мәдениеті жоғары білімді тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін базалық білімді меңгерген.

ОН 5: - Білім беруде ерекше қажеттіліктері бар оқушының денсаулығын сақтау мен нығайтуға, психикалық дамытуға және жеке тұлғасын қалыптастыруға бағытталған білім беру тапсырмаларының дәйектілігін құрастырады.

ОН 6: - Білім беруде ерекше қажеттіліктері бар балалардың потенциалды мүмкіндіктері мен осы кездегі жағдайын, бұзылыс құрылымын ескере отырып жұмысты жоспарлай алады.

ОН 7: - Білім беруде ерекше қажеттіліктері бар балалармен медициналық-психологиялық-әлеуметтік-педагогикалық жұмысты модельдеудің, болжаудың, диагностикалаудың теориялық негіздері мен технологияларын меңгереді.

ОН 8: - Кәсіби қызметті арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы ҚР нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

ОН 9: - Жаңартылған мазмұнды ескере отырып, білім алушылардың психофизиологиялық, жас ерекшеліктері мен жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру-түзету, тәрбие процесін жобалайды.

ОН 10: - Білім берудің барлық деңгейлерінде оқытудың интеграциясы мен сабақтастығы принциптерін ескере отырып, арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы педагогикалық, оқу-ағарту жұмыстарын жүргізеді.

ОН 11: - Білім беруде ерекше қажеттіліктері бар баланың жалпы және ерекше заңдылықтары мен даму ерекшеліктеріне сәйкес келетін АКТ, инновациялық технологиялар негізінде оқу-түзету, логопедтік қызметті ұйымдастырады.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11
ТА1	+	+	+				+	+	+	+	+
ТА 2	+	+	+	+			+	+			+
ТА 3	+		+		+	+	+	+	+	+	+
ТА 4	+		+		+	+		+	+		+
ТА 5		+	+	+		+	+	+		+	+
ТА 6		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

- 1) Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.05.2023 г.) - https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747;
- 2) Закон Республики Казахстан от 11 июля 2002 года № 343-II «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.05.2023 г.) - https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1032168;
- 3) 1) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.
- 4) 2) "Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы.